

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім
бөлімі Бозтал ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательной школы
село Бозтал отдела образования
по Ерейментаускому району
управления образования
Акмолинсинской области

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.01.2026

№ 8

**Ауа райының қолайсыз метеожағдайларында
сабақтарды қашықтықтан оқытуына
ауыстыру туралы**


ҚР оқу -ағарту министрлігі 2023 жылғы 27 қарашадағы №349 бұйрығы өзгертілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 2 мамырдағы № 103 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауа температурасының күрт төмендеуі (-30°C -31°C) және желдің жылдамдығы 2м/с жоғары байланысты 16.01.2026 күні «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – нің 0-11 сыныптар үшін кезекті оқу сабақтары қашықтықтан оқытуға ауыстырылсын. (Қосымша 1)
2. Аталған сыныптардың сабақтары қашықтықтан оқыту «Bilim Class» KZ платформасында өткізілсін.
3. Білім беру қызметі бекітілген жұмыс режимінде, белгіленген оқу жүктемесіне, сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылсын.
4. Сынып жетекшілері ата – аналар мен оқушылардың назарына кезекті сабақтар қашықтықтан «Bilim Class» KZ платформасында оқыту туралы ақпарат уақытында жеткізілсін.
5. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Р.Кыздарбековаға сабақ тоқтатылған күні сабаққа келген оқушылардың есебін қатаң жүргізуі жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Г.Т.Сергазинова



«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – інде сабақты тоқтату үшін ұсынылған қолайсыз ауа- райының метеожағдайлар көрсеткіштері

Сабақтарды тоқтату	Желдің жылдамдығы	Ауа температурасы
0,1-4 сыныптарға	кемдегенде 2м/с	t-27 ⁰ С және төмен болғанда
	2 м/с және жоғары	t-25 ⁰ С және төмен болғанда
0,1-9 сыныптарға	кемдегенде 2 м/с	t-30 ⁰ С және төмен болғанда
	2 м/с және жоғары	t-27 ⁰ С және төмен болғанда
0,1-11 сыныптарға	кемдегенде 2 м/с	t-30 ⁰ С және төмен болғанда
	2м/с және жоғары	t-35 ⁰ С және төмен болғанда
Көктайғақ	6-7 м/с	0,1-4 сыныптарға
	8-9 м/с	0,1-9 сыныптарға
	10-11м/с	0,1-11 сыныптарға

Сабақ тоқтатылған жағдайда сабақтар қашықтықтан өткізіледі.

Негіздеме: ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 27 қарашадағы №349 бұйрығы

Құрметті ата -аналар , оқушылар. Ұстаздар

Ақмола облысы Ерейментау ауданы қолайсыз ауа райы жағдайынында оқушыларды қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру туралы температуралық параметрлер бекітіледі.

Аудан мектептерінде сабақтар қашықтықтан оқыту режиміне:

- 27градус және одан төмен, кемдегенде 2 м/с жылдамдықпен жел кезінде - 0,1-4 сыныптарда;
- 30 градус және одан төмен, кемдегенде 2м/с жылдамдықпен жел кезінде - 0,1-9 сыныптарда;
- 35 градус және одан төмен, кемдегенде 2м/с жылдамдықпен жел кезінде - 0,1-11 сыныптарда;
- 25 градус және одан төмен, 2 м/с және одан жоғары жылдамдықпен жел кезінде -0,1- 4 сыныптарда
- 27 градус және одан төмен, 2 м/с және одан жоғары жылдамдықпен жел кезінде -0,1- 9 сыныптарда

-30 градус және одан төмен, 2 м/с және одан жоғары жылдамдықпен жел кезінде -0,1- 11 сыныптарда ауыстырылады.

Білім беру мекемелеріндегі оқушыларды сабақтан босату немесе онлайн-режимде ұйымдастыру көрсетілген нормативтерге сәйкес «Қысқы кезеңде қаланың және ауылдық аймақтың білім беру ұйымдарындағы сабақтардың температуралық режимі туралы» білім беру басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымының басшысы сабақты тоқтату туралы шешім қабылдайды және оқушылардың ата – аналарына хабардар ету ұйымдастырады.

Сабақтарды тоқтату туралы ақпарат WHATSAPP мессенджері арқылы ата – аналардың , оқушылардың чаттарына жіберіледі.

Чаттардағы ақпарат

Сынып жетекшілеріне сағат 6.45-7.30 дейін.

Ауа райына байланысты сабақтан босатылған жағдайда да мектепке келген оқушыларды оқу кестесіне сәйкес өткізіледі.